

# ӨРТ КЕЗІНДЕ ӨЗІңДІ ҚАЛАЙ ҰСТАУ КЕРЕК?

## БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ



Жанудың алғашқы белгілерін және түтіннің иісі кезінде 101 теру арқылы өрт сөндіру қызметін немесе 112 теру арқылы құтқару қызметін шақырыңыз



Аузыңыз бен мұрныңызды кез-келген, мүмкіндігінше ылғалды матамен жабыңыз



Оттан қашыңыз



Жеделсатыны пайдаланбаңыз



Артық оттегінің кіруіне жол бермеу үшін терезелерді ұрмаңыз



Тез жанатын сұйықтықтарды (бензин, керосин) және қосылып тұрған электр аспаптарын сумен сөндірмеңіз

## ДҮРБЕЛЕҢНЕН АУЛАҚ БОЛЫҢЫЗ!

### ҮЙ-ЖАЙДА, БИІК ҒИМАРАТТА, АДАМДАР КӨП ЖИНАЛАТЫН ЖЕРДЕ

Егер өрт ошағы кішкентай болса, өзіңіз өртті барлық қол жетімді құралдармен өшіруге тырысыңыз: өрт сөндіргіштермен, кез-келген тығыз матамен, құммен, гүл құмыраларының топырағымен, сумен және т. б.

Электр сымының оқшауламасы жанған кезде электр желісін арнайы орыннан өшіріңіз

Өрт жағдайы туралы көршілерге немесе басқа кабинеттердегі қызметкерлерге дереу хабарлаңыз және эвакуацияны бастаңыз

Электр жабдықтарын өшіріңіз

Мүмкін болса, есікті жауып, бөлмеден шығыңыз

Оттан қашыңыз, ештеңені іздемеңіз және жинамаңыз

Балалар мен қарт адамдарға көшеге шығуға көмектесіңіз

Кіреберісте немесе дәлізде түтін шыққан кезде, шығатын есікке еңбектеп барыңыз

Қауіпсіз жерге шығыңыз

Егер үй-жайдан баспалдақ арқылы шығу мүмкіндігі болмаса, түтін кіріп кетпес үшін кіретін есікті ішінен ылғалды матамен тығыздаңыз, содан кейін балконға шығып, өрт сөндіру қызметінің келуін күтіңіз

Жел кесірінен от қаттырақ жанып кетпеуі үшін есік және терезелерді жабыңыз



### АВТОКӨЛІКТЕ НЕМЕСЕ ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕ

Өрт туралы жүргізушіге дереу хабарлаңыз

Көлікті тоқтатыңыз, қозғалтқышты өшіріңіз, тежегішке қойыңыз

Көліктен шығыңыз, қоғамдық көлікте апаттық люктер мен бүйір әйнектерді қолданыңыз

Өрт сөндірушілер келгенге дейін өрт сөндіргіштің, құмның немесе қардың көмегімен өртті сөндіруге тырысыңыз

Капот жанған кезде оны қолыңыздағы өрт сөндіргішсіз ашпаңыз (ашу кезінде оттегінің ағыны жалынды күшейтеді)

Автокөліктен алыстаңыз, себебі жанармай багы жарылуы мүмкін



# ӨРТ КЕЗІНДЕ ӨЗІңДІ ҚАЛАЙ ҰСТАУ КЕРЕК?

## ДАЛАДА НЕМЕСЕ ОРМАНДА

Өрт ошағын тығыз материалмен, топырақпен, құммен сөндіруге тырысыңыз, жалынды шыбықтармен немесе ағаштардың бұтақтарымен қағып, сумен өшіріңіз және т. б

Өртті сөндіргеннен кейін, өрттің қайта жанбайтынына көз жеткізгенше кетпеңіз

Егер өрт қатты болса, оның таралу бағытына перпендикуляр қозғалып, тез кетіңіз

Егер кету мүмкін болмаса, ал жақын жерде су айдыны болса, оған түсіп, ылғалды киіммен үстіңізді жабыңыз

Ашық кеңістікте ауа аз түтіндеген жерге қарай бұғыңыз



## 101 НЕМЕСЕ 112-ге ҚОҢЫРАУ ШАЛҒАН КЕЗДЕ ДИСПЕТЧЕРГЕ НЕ ХАБАРЛАУ КЕРЕК?

- ✓ өрттің немесе жанудың мекен жайын;
- ✓ өрт нысанын (аулада, пәтерде, қоймада және т. б.);
- ✓ жанған зат (теледидар, жиһаз және т. б.);
- ✓ қажет болған жағдайда-кіреберіс, пәтер нөмірі, ғимараттың қабаттылығы және өрт қабатын, оған кіруге ыңғайлы жерді, аумаққа кіру кодтары және т. б.;
- ✓ тегіңіз бен телефоныныңызды

**НАҚТЫ ЖӘНЕ БАЙСАЛДЫ СӨЙЛЕҢІЗ!**



**Өрт  
қызметі 101**



**Құтқару  
қызметі 112**